

ISSN 1999-4214 (print)  
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

## ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

## BULLETIN

OF THE EURASIAN  
HUMANITIES INSTITUTE

№4/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001ж.шығабастаған

Выходит 4 раза в год  
Начали издаваться с 2001г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.12.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабекулы Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.12.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute, Astana, Kazakhstan

#### Editorial Board

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkepova K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraihyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabekuly D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryshzhan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.12.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының көнеленуі мен түбірге кірігу мәселесі.....	7
BEKENOVA G.SH. AKHMETOVA G.S.	Lexical and semantic characteristics of place and water names of the Abaydistrict.....	20
ЕРМЕКБАЕВА М.А.,	«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдердің семантикасы (қазақ және түрік тілдері негізінде).....	31
ЕСІМСЕЙТОВ Б.Р., КОКИШЕВА Н.М.	«Заң» сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның көлемдік сипаты .....	47
KARAGULOVA B.S., MUKHTAROVA S.S.	Types of lexical and grammatical transformations in literary translation.....	62
КЕМЕЛБЕКОВА Е.А.	Linguistic features of borrowed terms of applied geometry and their semantic modification in kazakh language.....	75
КЕНЖАЛИН Қ.Қ., ДАНИЯР Ә.А.	«Бабырнамадағы» жай сөйлемдер мен төл сөздердің қолданысы.....	88
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ҚҰЛМАНОВ С.	Қазақ терминжасамы: дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты.....	107
ОМАРБЕКОВА Г.Ә.	Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық стилінде антропонимдік вокативтердің қолданысы.....	130
УРАЗАЕВА К.Б., ИДРИСОВА Э., АЗКЕНОВА Ж.	Риторический идеал и риторическая идентичность. Приемы создания картины мира в поэзии жырау.....	144
ХАСАНГАЛИЕВА Б.К., ИСАКОВА С.С., ӘЛІМБЕК Г.Р.	Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары.....	162

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЛЬЖАНОВА А.Ы., БАЛМАГАМБЕТОВА Ж.Т.	Проблемы адаптации казахской художественной прозы (на примере прямого и опосредованного переводов романа А. Нурпеисова «Соңғы парыз»).....	177
КАРБОЗОВ Е.К., МАМЕЖАНОВА Ә.Е.	1960-80 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр.....	190
МАТАЕВА А.К.	Қазіргі қазақ әдеби сынындағы ізденістер.....	207
МАУЛЕТ А., ҚОБЛАҢДИН Қ.И.	Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні.....	220

---

НУРЛАНОВА А.Н., СЕЙПУТАНОВА А.К., ЖӘМСАП А.Т.	Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы.....	238
НҰРБАНОВА А.Қ., БАРАТОВА М.Н.	Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар теориясы.....	248
ОЛЖАБАЕВ Б.К., ПАНГЕРЕЕВ А.Ш., СӨЙЛЕМЕЗ О.	Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері.....	266

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА  
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BUKAYEVA A.A., BIRAY N.	The effect of implementing case study approach on students learning outcomes in teaching kazakh legal discourse.....	281
YERSULTANOVA G.T., KENZHEKANOVA K.K., TUSSUPBEKOVA M.ZH.	Teaching english grammar using internet resources.....	294

FTAMP 16.21.51

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.03>М.А. ЕРМЕКБАЕВА 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.  
(e-mail:maira\_08@bk.ru)

### \*«ҚАСҚЫР» ЗООНИМИНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ (ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

**Аңдатпа.** Екі тілдегі зоонимдерді салыстырмалы талдау ең алдымен, ұлттың әлемнің тілдік бейнесін сипаттаудазор ғылыми қызығушылық тудырады. Өйткені кез келген тілдерді салыстыру олардағы негізгі үш қасиетті – ортақтық пен ұқсастықтарды, ерекшеліктерді анықтауға негіз болады.

Мақалада қазақ және түрік халықтары мәдениетінің ең көне бейнелерінің бірі – «қасқыр» зоосимволы мақал-мәтелдер арқылы талданады. Мақал-мәтелдер – халықтың жинақталған өмір тәжірибесі бар ауыз әдебиетінің бір түрі. Олар осы мақал-мәтелдерді жасаған халықтың ұлттық болмысын, қызығушылықтарын, түрлі жағдайларға деген көзқарасын, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін тереңірек түсінуге көмектеседі. Халық ауыз әдебиетінің бұл түрін зерттеу әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктері мен өзара байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Жануарлар туралы мақал-мәтелдер әртүрлі халықтардың паремиологиялық қорында ауқымды қабатты құрайды және үлкен тақырыптық әртүрлілігімен ерекшеленеді. Жалпы мақал-мәтелдердің тұтас құрылымының басты міндетті – халық ойын толық, қысқа, айшықты етіп көрсетуді көздейді. Ал, жануарлар туралы мақал-мәтелдер архаикалық қысқалық пен бейнеліліктің үлгісі болып табылады

Қазақ және түрік тілдеріндегі қасқырға байланысты халықтың этникалық және әдет-ғұрпындағы ортақтықтар мен ерекшеліктерді анықтау мақсатында мақал-мәтелдерге талдау жасалды. Қазақ және түрік тілдеріндегі қасқырға қатысты мақал-мәтелдердің негізінде қасқыр зоонимінің этномәдени мазмұны анықталып, салыстырмалы талдау екі халықтың дүниетанымында жалпытүркілік болмыстың желісі толық сақталғанын сипаттайды. Мақалада қазақ тіліндегі «қасқыр» зоонимінің және оның түрік тіліндегі баламаларының контекстік семантикасы мақал-мәтелдердегі көрінісі талданады. Зерттеудің мақсаты – қазақ және түрік тілдеріндегі «қасқыр» ұғымының тілдік бейнеленуінің ерекшеліктерін салыстырмалы талдау арқылы анықтау. Талдау

---

\*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» ғылыми жобасы аясында жазылды»

нәтижесінде оң және теріс бояуы бар метафоралық мағыналар анықталды. Қазақ және түрік тілдеріндегі қасқыр атауына байланысты мақал-мәтелдер арасындағы мағыналық ұқсастықтар мен ерекшеліктер қарастылады.

**Түйін сөздер:** мақал-мәтелдер, қазақ мақалдары, түрік мақал-мәтелдері, қасқыр зоонимі, бөрі зоонимі, семантика

**Кіріспе.** Лексиканың ең көне қабатына жататын зоонимдер ұлттық мәдени кеңістіктің терең қабаттарын қамтып, миф пен архетипке еніп, зоосимвол қызметін атқарып, ұлттық мәдениеттің тілдік бейнелеу құралы болып табылады.

Жануарлардың адам өміріндегі рөлі әрқашан ерекше болды. Халық мәдениетінде зоонимдер әдетте, адамның зооморфтық белгісі ретінде қолданылады. Фольклорлық мәтіндерде қолданылған олар зооморфизммен байланысты белгілі бір халықтың архетиптік мифопоэтикалық бейнелерін көрсетеді. Мәдениеттің зооморфтық коды ең алдымен, халық мәдениетіндегі басым стереотиптермен байланысты. Зоонимдер мақал-мәтелдерде жиі кездеседі және оларда мақал-мәтелді тұтастай метафораға айналдыратын негізгі метафоралық мағыналар сақталған.

Мақал-мәтелдер – әр халықтың өзіндік ерекшеліктері мен сол тілде сөйлейтін ұлттың сан ғасырлық тарихымен, мәдениетімен, таным-түсініктерімен тығыз байланысты тілдік мұрасы. Ұлттық психологиясы мен ұлттық мінез-құлқы, өмір сүру тәжірибесі көрініс тапқан мақал-мәтелдер – сол ұлттың даналық шежіресі. Әрбір ұлт немесе этнос тіліндегі мақал-мәтелдер ұлттық танымға, қолданылу аясына қарай өзгеріп, дамып отырады. Сондықтан да мақал-мәтелдер этнос өмірімен тығыз байланысты және негізінен ұлттық мәдени маңызы бар деректерден тұрады. «Кез келген этнолингвистикалық және этномәдени тұрғыдан зерттеу – белгілі бір халыққа тән ерекшеліктерді жан-жақты қарастырады. Ал, әр халықтың өзіндік өзгешелігін танытатын тарихы, өмір сүру ортасы дүниені тану көзқарасы мен наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салт-санасы сол халықтың тіліндегі тілдегі бірліктерде, оның ішінде мақал-мәтелдерінде ізін қалдырады» [1, 38]. Яғни, әрбір мақал-мәтелде сол ұлттың болмысына, оның рухани заттық мәдениеті мен дүниетанымына, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына қатысты деректер жатыр. Мақал-мәтелдер халықтың қоғамдық өмірі, тұрмыс-салты мен шаруашылығы, мәнез-құлқы, тәлім-тәрбиесі сияқты мәселелерді қамтиды. Әр халықтың мақал-мәтелдерін зерттеу арқылы сол ұлттың тұрмыс-тіршілігін, өзіндік дүниетанымы мен рухани құндылықтарын аңғаруға болады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зоонимдер сөйлеуде жиі қолданылатын сөздік қабаттардың бірі болып табылады. Мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі «қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдердің



семантикасы талданады. Бұл зоонимдерді екі этнос өкілдерінің мақал-мәтелдердегі қызметі мен семантикалық жағынан зерттеуге мүмкіндік береді.

«Қасқыр» зоонимінің семантикасын зерттеу барысында қазақ және түркі тілдерінің мақал-мәтелдері негізгі нысан ретінде алынды. Ол – қазақ ауыз әдебиетінің «Бабалар сөзі» жүзтомдық топтамасының мақал-мәтелдер топтастырылған томдары (65-69) мен түрік мақал-мәтелдері енген Омер Асым Аксойдың «Ata sözleri ve deyimler sözlüğü» және Метин Юртбашының «Sınıflandırmış Atasözleri sözlüğü» еңбегі. Зерттеу барысында аталған еңбектердегі «қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдер іріктеліп, лингвистикалық аспектіде талданды.

Зерттеу мақалада тіл білімінің лексиканы зерттеуде қолданатын дескриптивтік (сипаттама), тарихи-салыстырмалы (компаративтік) әдіс-тәсілдер негізге алынды. Қазақ және түрік мақал-мәтелдерін семантикалық жақтан талдау, этимологиясын айқындау, олардың тіліміздегі және санамыздағы көрінісін саралау қазіргі тіл білімінде өзекті болып саналады. Тілді байланыс құралы деңгейінде ғана емес, антропаөзектік деңгейде зерттеу – тілдің танымдық қызметінің, ұлттық кодты сақтаушы құрал екендігінің айқын дәлелі бола алады. Кейбір атаулардың тілдік мәнін халықтық ұғым-түсініктерге сүйене отырып, сипаттау үшін этнолингвистикалық тәсілге де назар аударылды.

**Талқылау мен бақылау.** Зоонимдер дербес лексикалық бірлік қызметін атқарады, сонымен қатар әртүрлі фразеологиялық тіркестердің, идиомалар мен мақал-мәтелдердің, нақыл сөздердің құрамында кездеседі. Бұлардың құрамындағы зоонимдер адамдық немесе заттық мағынадағы метафоралар қызметін атқара алады.

Ғылыми мақаламызға нысан болған «қасқыр» зоонимі – әлем халықтарының фольклорында жиі кездесетін күрделі кейіпкер. Бөрі – әлімсақтан фольклор, мифтік санадан бері әдеби колоритті кейіпкер. Әлем халықтары фольклорындағы ең басты тұлғалардың бірі де осы – қасқыр. Қасқыр образы – ертегілер мен аңыз-әңгімелерде, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда жан-жақты суреттеліп, көркем бейне ретінде қалыптасқан. Ертегілерде қасқыр жауыздықтың, қатыгездіктің немесе ашқарақ, ақымақтың образында суреттеледі. «Қасқыр – итке ұқсас жыртқыш түз аңы. Далалы аймақтарда, орманды жерлерде, таулы өңірлерде де мекендейді. Топтасып, үйірімен тіршілік етеді. Негізінен етпен қоректенеді. Дәстүрлі ортада қасқыр «бөрі» деп аталып, тотем болып аңыздарға арқау болған. Бөрі – қасқырдың эвфемистік атауы. Бұл Көк Тәңіріне табынған түркі халықтарының барлығында дерлік кездеседі. Өйткені, түркі халықтары өздерін Көк бөрінің ұрпағы санаған» [2, 636].

Түркі халықтарының санасында «бөрі» тотемінің орны ерекше екендігі белгілі дерек. Түркі тайпалары қасқырды (көк бөрі) «қорғаншысы» және

«қорғаушысы» санаған. Көк бөрі, көкжал, бөрі атаулары жануардың қара сүр түсіне байланысты емес, оның көк аспанға, ең биік аспан құдіретіне жататынын білдіріп, «батыл», «киелі», «күшті» деген қасиеттерді білдірген. Түркі халықтарының наным-сенімінде қасқыр – Тәңір мен адамдар арасындағы байланыс күшінің тотемі. Түркі тайпаларының туларындағы қасқыр бейнесі олардың міндетті атрибуты болған [3, 14].

Бөрі алғаш Түрік қағандығының символы болып, кейіннен барлық түркі тілдес халықтардың тотеміне айналды. «Қасқыр» сөзі екі тілде жалпы тілдік мағынадан басқа, ұлттық дүниетаным мен ділдің өзгешелігіне байланысты таңбалық мағыналарға ие. Көк бөріні тотем тұту көптеген халықтардың фольклорлық мұраларында жан-жақты көрініс тапқан. Әсіресе, башқұрт халқы өздерінің атауын осы тотеммен байланыстырады. Башқұрттардың аңыз-әңгімелерінде о баста башқұрттардың көсемі қасқыр болып, оларды Жайық жағасына бастап келген. Одан туған бала Башқұрт атанып, сол рудан башқұрттар тарайды. Осындай мифтерде қасқырдың башқұрттардың құтқарушы, жол көрсетуші тотемдік аң екенін, соның көмегімен башқұрттар өмір сүруге қолайлы киелі мекенін, ата-баба жерін тапқанын атап көрсетеді. Мұндай сюжеттердің көпшілігі «башқұрт» этнонимін түсіндіруге негізделген. Әртүрлі нұсқаларда кездесетін бұл аңыздар шамамен «содан бері басшы болып бастап келген қасқырдың соңынан еріп келген ата-бабаларымыз «башқұрттар» деп аталған» деп аяқталады. «Башқұрт» – баш «бас, басты», құрт «қасқыр» (түрік., түрікмен., әзірб.). Башқұрт сөзінің шығу тарихын көптеген орыс ғалымдары да осылай тарқатады [4,14].

Ғалым Л.Н. Гумилев түріктердің көне атауы Ашинаны моңғол тіліндегі шоно, чино «бөрі/қасқыр» сөзін қытай тілінде құрмет мағынасын білдіретін а – префиксінің қосылуы нәтижесінде пайда болғандығын және «құрметті бөрі» мағынасын беретінін, түркілерде «бөрі», «қасқыр» деп аталатындығын көрсетеді. Сондай-ақ ғалым «қытай авторлары түркі хандарының көзқарастарына сүйене отырып, «түркі ханы» мен «бөрі» сөзін синоним деп санайды» дейді [5, 3]. Осыған байланысты ғалымның бұл пікірін башқұрт ғалымдары жауабы «Хан» болып табылатын «Әне, хан кетіп барады, аузы-мұрны қанға толы» (Ана бара хан, ауызы-мороно кан) деген өздерінің жұмбақтарымен байланыстырады [4, 14].

Бөрі түріктердің аңыз-әпсаналарында да маңызды орын алады. Көптеген тарихи деректерде түркілердің шығу тегі аңыздық жолмен бөрі арқылы тарайды. Олар қасқыр кейбір құдайлық қасиеттерге ие деп, өздерін де қасқырлардан шыққан деп есептеген. Өз тегін қасқырдан тарататын түріктер өз билеушілерін қасқырға теңеген. Дастандарда, аңыздар мен әдеби романдарда қасқырдың жиі кездесуі оның түрік тарихы мен әдебиетіне қаншалықты терең енгенін және қасқырлардың түркілер үшін маңызды символ екенін көрсетеді. Түрік тайпаларының барлығы дерлік ортақ наным ретінде қасқырдан шыққан

деп есептейді. Түріктер киелі санаған қасқырды «Көк-бөрі» деп атаған. Түріктер аспанды Көк-Тәңірі, яғни көк аспан деп те атаған. Бір нәрсені аспанның түсіне айналдырып, оны қасиетті санау Алламен байланыс орнату ниетінен туындаған. Түркілердің қасқырдан тарадық деген сенімнен-ақ олар үшін қасқырдың қаншалықты маңызды және ерекше жануар екенін түсінуге болады [6,96].

Қасқыр – халқымыздың діни наным-сенімі мен дүниетанымын, рухани деңгейін білдіретін танымдық тұлға. Халқымызда қасқыр туралы наным-сенімдердің тереңдігі сонша, әлі күнге дейін балаларына осы киелі аңмен байланысты есімдер береді. Мысалы, Бөрібай, Бөріқұл, Қасқырбай, т.б. аттар. Бұл туралы ғалым Ж.Телжанов «қазақтың Қақсырбай, Бөрі, Бөрібай, Бөлтірік тәрізді есімдері өзбектер мен қырғыздарда да кездеседі. Ал, көне римдіктер, немістер мен украиндықтар, тіпті Кавказ халықтарының көбінде «қасқырмен» байланысты есімдер ертеден қойылған. Кейбір халықтар өздерінің ата-бабасын қасқыр, «қасқырдан шыққанбыз» дейді. Бұлай деу кейбір ру тарихында да бар құбылыс. Мәселен, ертеде үйсін руының атамыз қасқыр деуі тегін емес. Демек, көптеген халықтың қасқыр мен итті ерекше қадірлеуі, оларға сенуі белгілі бір тарихи жағдаймен байланысты. Ендеше, мұндай есімді қою адам қоғамының ерте кезеңдеріне тән сияқты» деп ескі наным-сенімге байланысты шыққан антропонимдерді тікелей тарихпен байланыстырады [7,45]. Түркі халқының ортақ мұрасы «Алпамыс батыр» жырындағы батырдың әкесінің аты Байбөрі аталуы да осыған саяды. Тілші-ғалым А. Әбсадықов атақты Қарақыпшақ Қобыланды батырдың да жары Құртқа есімінде қасқыр атауының болуы да кездейсоқ еместігін айтады [8, 6].

Қазақтан шыққан би әрі мерген батыр, қырғыз, өзбектер халқына да белгілі, беделді Бөлтірік шешеннің есімі де осы мағынада қойылған. Аталған кейікерлердің атына заты сай болуы сөздің киелі күшімен байланысты болса керек. Себебі, ежелгі оғыздар мен қыпшақтардың да қорғаушы киесі қасқыр болған. Қыпшақтар жорыққа аттанар алдында бөріден көмек сұрап, жалбарынады. Сонымен қатар, билеуші хандар шығатын жоғары мәртебелі тайпалары Елбөрі деп аталған екен [9, 105]. Сонымен қатар, халқымызда қасқыр зоонимінің катысуымен метафоралық теңеу сөздер ретінде жасалған Қоңырқасқыр, Қасқырлы, Қасқыр қамаған, Бөрілі, т.б. топонимикалық атаулары да жиі кездеседі.

Қасқыр бейнесі, яғни бөрінің басы қазақ халқының жауға шапқанда жауынгерлік рух оятатын байрағына салынған. Себебі көкбөрі – батырлықтың, өжеттіліктің символы. Халқымыз бойында оты бар батыр, ержүрек жігіттерді Көкбөріге теңеген. Қасқыр ешкімге бағынбайтын өте текті жануар. Қазақ халқы да даланың еркін азулы бөрісі сынды біздің халық та азат тірлік пен тәуелсіз өмірді қалап, сол үшін күрескен. Бұл белгілі Сүйінбай ақынның мына жыр шумақтарында былайша берілген:

Бөрі басым – ұраным,  
Бөрілі менің байрағым,  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдағым! [10, 32].

Осы және басқа да факторлар бұл жануардың түркі тілдес халықтардың өміріндегі символдық мәнін анықтайды. Қазақ тілінде мифологиялық қабылдау мен қазақ халқының ертеден келе жатқан наным-сенімінің нәтижесінде тілде көрініс тапқан бейнелі өрнектерді, паремиологиялық бірліктерді кездестіруге болады. Халық ертегілеріндегі, мифтері мен фольклорындағы қасқырға деген көзқарас қазақ және түрік паремиологиясында да тең көрініс тапқан.

Түрік мақал-мәтелдерін зерттеуші орыс ғалымы М.В. Порхомовский көшпелі халықтың мақал-мәтелдерінде қолданылу жағдайларының басым көпшілігінде жануарлардың мағыналық табы бойынша алдыңғы орында «жылқы» мен «иттен» кейін «қасқыр» (құрт) лексемасы екенін айтады да, мұны қасқырдың күллі түркілер үшін қасиетті жануар екендігімен түсіндіреді [11, 60].

Мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты, өзіндік ерекшеліктері, ұлттық нақышы өзара жақын туыстас халықтардың мақал-мәтелдерін салыстыра қарастырғанда анығырақ көрінеді. Екі тілдегі ұлттық-мәдени нақыштар қамтылған мақал-мәтелдердегі бұл ерекшеліктерді зерделеу сол тілдердегі ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ және түрік халқының көшпенділігінен хабар беретін бірден бір дереккөз – осы қасқыр туралы мақал-мәтелдер болып табылады. Өмірінің әр саласында байқалатын қасқыр мотиві далалық қоғамдық өмірге дерлік кіріктірілген. Екі халық та өздерінің терең тарихымен, бай мәдениетімен белгілі. Ерте кезден көшпелі дәстүрді ұстанған қазақ халқының басты кәсібі – мал шаруашылығы болған. Бұл кәсіп қазақтардың дүниетанымымен, тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен біте қайнасып кеткенін, мал шаруашылығына қатысты мақал-мәтелдер қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің басым бөлігін құрайды.

Түрік фольклоршысы Н.Муаллимоғлы да «ауыл тұрмысы мен үй жануарлары туралы бүгінгі таңда да жиі қолданылып жүрген түрік мақал-мәтелдердің басым көпшілігі түріктердің көшпелі өмір сүрген кезінен бастау алады деген болжамды растайды» дейді. Ғалым түрік мақал-мәтелдеріндегі негізгі метафораның объектісі жан-жануарлар екенін, сол үшін де түрік тілі жан-жануарларға байланысты мақал-мәтелдерге өте бай екенін де айтады [11, 47].

Екі тілдегі «қасқыр» атауына байланысты мақал-мәтелдерді талдап көрсек. «Қой жеген қасқыр көңілді, Қойшысы жаннан түңілді», «Қойшыны таяғы асырайды, Қасқырды аяғы асырайды», «Қой жеген қасқыр қиянда,

Қойшысы қалды зиянға», «Қасқырлы ел айтақшыл», «Айтақтай-айтақтай қасқырдан да ұят болды» сияқты қазақ мақал-мәтелдері мен «Çobansız koyunu kurt kapar» (Шопансыз қойға қасқыр шабар), «Sürüyü güden kurdu görür» (Табын баққан қасқыр көрер), «Sürüden ayrılanı kurt kapar (Табыннан шыққан адамды қасқыр алар), «Kurt Çoban'dan iyilik beklemez» (Қасқыр шопаннан жақсылық күтпес) деген түрік мақал-мәтелдері екі халықтың да мал шаруашылығымен айналысқанынынан хабар берсе, «Ер тамағы – елден, бөрі тамағы – жолдан», «Бөрі арығын білдірмес, сыртқы жүнін қампитар», «Қасқыр байлағанға көнбес, шошқа айдағанға көнбес», «Бөрі азығы мен ұры азығы жолда» сияқты мақал-мәтелдерде қасқыр бейнесі еркіндік сүйгіш, тәуелсіз ретінде бейнелейді, ол бостандық символы ретінде әрекет етеді. «Қасқыр – халықтың діни наным-сенімін, дүниетанымын танытатын тотемдік тұлғада, аллегориялық астарда, бірде жыртықшытық кейіпте берілетін жан-жақты сомдалған, күрделі бейне болып табылады [12, 23]. Бұл қасқырдың адамдардың күнделікті өмірінде үлкен рөл атқарғанымен және олардың халықтың жадында сақталып, ұлттың ұғым-танымында үнемі болғанымен байланысты.

Қасқыр зоонимінің мақал-мәтелдердегі ең басты көрінісі қасқыр – қанішер жыртықшы, зұлымдықтың бейнесі. Оған қазақ тіліндегі: «қасқырдың ойлағаны – арамдық, қойдың ойлағаны – амандық», «жау жағадан алғанда, бөрі етектен алады», «қойға қасқыр шапса, жарлының жалғызын жейді», «қасқыр тойғанына емес, қырғанына мәз»; түрік тіліндегі «Kurt köyünü (tüyünü) değiştirir, huuyunu değiştirmez» (қасқыр қылын өзгертсе де, мінезін өзгертпес), «aç kurt arslana saldırır» (аш қасқыр арыстанға шабар), «aç kurt yavrusunu yer» (аш қасқыр баласын жер) сияқты мақал-мәтелдер дәлел болады. Сондай-ақ «қазақта қасқырды атымен атаса көбейіп, жамандық келеді деп, оны қарақұлақ, ұлыма, серекқұлақ, ит-құс, т.б. жанама, табу сөздермен атайды [2,637].

Кейбір мақал-мәтелдерде қасқыр мен ит қатар салыстырылады. Мысалы, қазақ тілінде «бөрібасар кетті, бөрі келіп жетті», «ауылы жақын ит қасқырдан қорықпайды», «қойға қасқыр шапса, ит семіреді», «ит бүйрегін бөрі сүймес», «иттің ұлығанын бөрі естімес», «өлі бөріні ит аттамас»; түрік тіліндегі «ardında yüz köpek havlamayan kurt, kurt sayılmaz» (артындағы жүз итке үрмеген қасқыр – қасқыр саналмас), «kurda konuk giden, köpeğini yanında götürür» (қасқырға барған, жанына итін ертіп алар), «Ürumesini bilmeyen köpek sürüye kurt getirir» (үруді білмейтін ит үйірге қасқыр әкеледі), «kurttan korkan köpeğini hazırlar» (қасқырдан қорыққан күшігін дайындар), «kurt köpekten korkmaz ama havlamasını da sevmez» (қасқыр иттен қорықпаса да үргенін ұнатпайды) сияқты мақал-мәтелдерде ит пен қасқырдың жаулығы, ымырасыздығы көрсетілген. Мұнда қасқыр мен қой, қасқыр мен ит бейнелері жақсылық пен жамандық тәрізді бір-біріне кереғар ұғымдарды беруде қолданылып тұр. Бұл мақал-

мәтелдер ит пен қасқырдың шығу тегі ортақ болғанымен, олардың жаратылысынан бір-бірімен жау екенін көрсетеді.

Осындағы бірқатар мақал-мәтелдерден «қасқыр – қой» деген тұрақты антitezаны да көруге болады. Мысалы, «кедей мен бай жолдас болмас, қасқыр мен қой жолдас болмас», «адам ойға тоймайды, бөрі қойға тоймайды», «қасқырдан қорықан қой ұстамайды», «kurt sürüye girince tek koyunlunun koyunu alır» (қой отарға шапқанда қойлардың қойын алады), «Ölmüş koyun kurttan korkmaz» (өлген қой қасқырдан қорықпас), «kurt kuzudan “suuyu bulandırdın” diye dava etmiş» (қасқыр қозыны «суды лайландырдың» деп сотқа берер).

Сонымен қатар, мақал-мәтелдердің басым көпшілігінде қасқыр айлакер жыртқыш, адамның тұрақты жауы ретінде көрінеді. Яғни, қасқыр – қулық пен сатқындықтың символы. Мысалы, қазақ тілінде: «бөлтірігін алма шуланның, шұрқан салар қораңа», «кәрі қасқыр қақпанға түспейді», «бөрік тастап бөріден құтыла алмассың», «қасқыр ұлып ұяласын шақырады», «қасқырлар ұлысып табысады», «бөрі баласын бөрікеңе салсаң, ит болмас»; түрік тілінде «kurtla koyun, kılıçla olun olmaz» (қасқырмен қой, қылышпен ойнау жоқ), «kurdun oğlu kuzu olmaz» (қасқырдың баласы қозы болмас), «kurt (puslu) dumanlı havayı sever» (қасқыр тұманды кезді сүйеді), «kurt kuzuuyu haber vererek yemez» (қасқыр қозыны алдын ала ескертіп жемейді), «yanlız buzağı kurt çabuk yer» (жалғыз бұзауды қасқыр тез жейді), «eski kurt yolunu şaşırmaz» (кәрі қасқыр адаспайды). Яғни, қазақ және түрік мақал-мәтелдерінде қасқыр – қу адам метафорасының халықтық түсінігі болып табылады. Бұдан шығатын қорытынды – қасқыр зооморфизмінің жалпы коннотативтік семантикасы қазақ және түрік тілдері үшін бірдей. Яғни, «түркі халықтарының арасында қасқыр тотеміне қарамастан, қазақ және түрік халықтары үшін жалпы қабылданған, әмбебап, бұл зооморфизмнің кәдімгі коннотативтік семантикасы бар [13]. «Қасқыр» зоонимі екі тілде де жиі ашкөз, зұлым, сатқын адамды суреттейді. Мұны екі тілдегі зооморфизмнің паремиологиялық көрінісі растайды. Осылайша мақал-мәтелдердегі сөз-метафораларды зерттеу арқылы қазақ және түрік мақал-мәтелдерінде зоонимдердің болуы адамның қоршаған ортамен тығыз психологиялық байланыста екендігін және бұл байланыс мәдениетте, ұлттың тілі мен ділінде көрініс табатынын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Кейде табиғаттағы қайсарлығы мен сақтығына қарамастан қасқыр образы ақымақ және оны үнемі оны қу түлкі оңай алдайды, аңшылар ұстап алады. Сондай-ақ қартайғанда қасқыр күшінен айырылып, әлсірейді, дәрменсіз күйге түседі. Ол туралы қазақ тіліндегі «қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан», «қасқырдан қайрат кетсе, ешкіні «апа», текені «жезде» дейді», «ұры түн асқанша, бөрі қыр асқанша»; түрік тіліндегі «kurt kocayınca itin (köpeğin) maskarası olur» (қасқыр қартайса, иттің мазағына айналар), «kurdun adı yaman

çıkmiş, tilki vardır baş keser» (қасқырдың жаман аты шықса, түлкі бас кесер), «kurt kapana düşmeyince faka bastığını bilemez» (қасқыр қақпанға түспейінше, қақпанға түскенін түсінбейді), «kurtla ortak olan tilkinin hissesi, ya tırnaktır ya bağırsak» (түлкінің қасқырмен үлесі не тырнақ, не ішек), «kurt uluya uluya başına bela getirir» (қасқыр ұлып-ұлып басына бәле келтірер) сияқты мақал-мәтелдерде көрініс тапқан.

Мифопоэтикалық мәтіндерде «қасқыр» біріншіден, өмірдің, киеліліктің, тектілік пен күш-қуаттың, әділдік пен еркіндікке деген сүйіспеншіліктің, адамгершіліктің символы. Мысалы, «иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар», «қасқыр да қас қылмайды жолдасына», «бөрі қоңсысын жемейді»; «kurt komşusunu yemez» (қасқыр көршісін жемес), «kurt kurtu yemez» (қасқыр қасқырды жемес), sayılı koyunu kurt karmaz (yemez) (саналған қойға қасқыр шаппас) деп қасқырдың қанұйлы әрекеттерін біле тұра, екі ұлт та оның атына осындай жылы сөздерін арнаған. Бұл мақал-мәтелдерде қасқыр адалдықтың, достықтың үлгісі ретінде берілген. «Әсіресе, қиял-ғажайып ертегілерде қасқырлар басты кейіпкермен адамша сөйлесіп, достасып жүреді. Қиын-қыстау кезеңде адамға жол көрсетіп, түрлі кедергілерді жеңіп, арман-мақсатына жетуіне көмектеседі» [14, 188].

Қазақ және түрік лингвомәдениетінде қасқыр – текті, күшті, ақылды, еркіндік сүйгіш қабілеті бар киелі, тотемдік жануар. Қасқыр бейнесінің жағымсыз қасиеттері – қанішер, қатыгез. Бір жағынан, «қасқыр» өмірмен байланысты, өмірді, ұрпақты бейнелейді, ал екінші жағынан зұлымдық пен өлімнің бейнесі болған қанішер жыртқыш. «Қасқыр қарызын терісімен өтейді», «kurtların arasında sonuncu olmak, çakalların arasında birinci olmaktan iyidir» (шибөрілердің арасында бірінші болғаннан қасқырлардың арасында соңғысы болған артық), «kurt doğan tilki olmaz» (қасқыр болып туған түлкі болмас) деген мақал-мәтелдерден, сондай-ақ ғалымдардың түрлі экспедицияларынан табылған қасқыр бейнелі бағалы теңгелер, рулық жүйесіндегі қасқыр аттас рулық атаудың болуы, қасқырдың тістері мен тырнақтарынан жасалған бойтұмарлар тағуы, белгілі бір наным-сенімдерге байланысты салттық жоралғылар жасаудан қасқырды қастерлеу мотивін көруге болады.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерінің түрік мақал-мәтелдерімен көп жақындығы бар. Оны жоғарыдағы екі тілдегі мақал-мәтелдерді салыстыру арқылы олардың құрылымдық та, семантикалық та ұқсастықтары көп екенін байқадық. Көптеген зооморфтық мақал-мәтелдердің әртүрлі тілдерде баламасы болуы кездейсоқ емес. Себебі, әлем халықтары мақал-мәтелдерінің ұқсас болып келуі адамзат қоғамының даму сатысындағы тіршілік заңдарымен байланысты. Әсіресе, түбі бір түркі халықтарының мұраларындағы мұндай ұқсастықтар бұл халықтардың рухани дүниесінің тығыз байланысты екенін білдіреді. Мысалы, «қасқырдың күшігін қанша асырасаң да, орманға қарап ұлиды» – «kurdu ne kadar beslersen besle, o her ormana bakar» (қасқырды қанша

тойдырсаң да, орманға қарар), «далада бөрі ұлыса, үйдегі иттің іші ашиды» – düzlükte kurt ulusa, evde itin bağı sızlar» (түзде қасқыр ұлыса, үйдегі иттің жүрегі ауырар). Әр елдің дүниетанымы мен ұлттық салт-дәстүрі әр түрлі болғанымен кейбір мақал-мәтелдер бір-бірін толықтырып тұрады. Екі халықтың мақал-мәтелдерінің осылай мазмұны жағынан да, құрылысы жағынан да ұқсас болуы – олардың ойлау жүйесінің ортақтығының дәлелі. Екі халықтың мақал-мәтелдерінің мазмұнындағы тірек сөздері мен жасалу уәждерінде де ұқсастықтар көп. Бұл мақал-мәтелдердің бір тілден екінші тілге ауысуы халықтардың территорияларының жақындығына, бір-бірімен қарым-қатынасына байланысты жүзеге асқан. Бұл жайында ғалым Ш.Ыбыраев «бұл ұқсастықты бір паремиолог ғалымдар халықтың этникалық және тілдік туыстығы ретінде түсіндірсе, екіншілері шаруашылық, мәдени қарым-қатынас негізінде, ал үшіншілері тарихи тәжірибенің ортақтығымен және қоғамдық дамудың бірдей сатысындағы рухани бірліктің нәтижесі деп ұғындырады» [15, 8] – дейді.

Кейбір мақал-мәтелдерде адам – «қасқыр» бейнесі арқылы «материалданады». Қазақ және түрік лингвистикалық мәдениетінде қасқыр бейнесі адамның жағымды немесе жағымсыз зооморфтық сипаты ретінде де қолданылады. Мақал-мәтелдерде зооморфтық бейнелер арқылы адамның сыртқы, физикалық қасиеттеріне де, ішкі, психологиялық қасиеттеріне де сипаттама беретін, сол немесе басқа образға жағымды немесе жағымсыз қасиет беретін зоонимдерге тән белгілер ашылады. Мысалы, «бөлінгенді бөрі жейді», «қасқырдың жылағаны құдайдың құлағына жетпейді», «қасқыр мен ұры мінездес», «құтты қонақ келсе қой егіз табар, құтсыз қонақ келсе қойға қасқыр шабар»; «yatan kurttan, gezen tilki iyidir» (жатаған қасқырдан, жүреген түлкі артық), «kurda “neden ensen kalın?” demişler “işimi kendim görürüm de ondan” demiş» (қасқырдан «желкең неге қалың?» десе, «өз ісімді өзім жасағаннан» депті). Мұндағы екі тілдегі мақал-мәтелдерде де адам қасиеттерін сипаттайтын психикалық белгілер жануарлармен салыстыру арқылы берілген. Бұл туралы фольклортанушы С. Қасқабасов «мақал-мәтел адам өмірінің барлық саласына қатысты айтылады. Өзінің философиялық, нақылдық мағынасы және нақытылық сипаты арқасында мақал мен мәтел әрі практикалық, әрі эстетикалық қызмет атқарған. Сондай-ақ мақал-мәтел өмір тәжірибесіне негізделгендіктен тәлімдік те мақсатта қолданылған, сондықтан да онда дидактикалық, үлгілік, ақыл-кеңес берерлік қасиет басым» [16, 57] – дейді. Себебі, мақал-мәтел көбіне жақсы мен жаманды айырып, пайымдауды, ой түйуді көздейді.

**Нәтижелер.** Жалпы зоонимдердің қатысуымен жасалған мақал-мәтелдерден адамдардың жан-жануарлармен ұзақ және тығыз қарым-қатынастарының табиғи түрде өз әдеттерін, мінез-құлқын және өмірге бейімделу жолдарын түсінуге алып келгенін көруге болады. Мысалы,



жануарлардың ерекшеліктері туралы түсініктерді адамдық қарым-қатынастарды бейнелеп сипаттау, кейбір қоғамдық құбылыстарды суреттеу, кейбір адамдардың жануарларымен ұқсастықтарын көрсету, т.б. Тілдегі жануарлар туралы көптеген фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер осылайша пайда болған. Жоғарыдағы мақал-мәтелдерді саралай келе «қасқыр» символикасы құрылымының аса күрделі екенін көруге болады. Аңыз бен эпостардан мақал-мәтелдерге, идиомаларға, өсімдік, жер-су атауларына, адам аттары мен мифологиядан наным-сенімдерге, кескіндеме мен мүсіннен сәулет өнеріне, қолөнердегі мотивтерге негіз болып, қасқыр элементі маңызды ұлттық символға айналған.

«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдерді зерттеп, салыстырғанда олардың белгілі бір халықтың табиғатына, тарихы мен мәдениетіне, шаруашылығы мен кәсібіне, өмір сүру салтына байланысты шыққанын байқаймыз. Сондықтан халық фольклорындағы, оның ішіндегі біздің зерттеу нысанымыз – мақал-мәтелдердегі сақталған деректер тарихи деректер болып табылады. Екі халықтың мақал-мәтелдерінен де халықтың әлеуметтік өміріндегі, мәдениетіндегі шаруашылығындағы өзгерістер мен ерекшеліктерді, әр халықтың өзіне тән қасиеттерін байқаймыз. Яғни, мақал-мәтелдер екі елдің де ұлттық-мәдени көрсеткіштері болып табылады. Бұл тілдік элементтер белгілі бір халықтың этнолингвистикасында, лингвомәдениетінде алатын орны зор.

Аталған зоонимнің екі тілде қолданылуына салыстырмалы талдау бойынша бірнеше семантикалық қатарларды бөліп көрсетуге болады. Ең алдымен, бұл өте ашулы, болжауға болмайтын жануар, сондықтан өте қауіпті. Қасқырды мұндай қабылдау қазақ тілінде де, түрік тілінде де байқалады. Сонымен қатар, қасқыр екі халықтың өмірінде де ерекше орын алады. Идиомалардың мұндай мағыналық шашыраңқы болуы бөрі табиғатын жақсы және теріс жағынан өте жақсы білгенді байқатады. Қасқыр зоониміне байланысты екі тілдегі мақал-мәтелдерді семантикалық жағынан бөліп қарастырсақ, бірінші қасқыр – қас, дұшпан ретіндегі мақал-мәтелдер, екінші, қасқыр – достық үлгісі ретіндегі мақал-мәтелдер, үшінші қасқыр – образды түр ретіндегі мақал-мәтелдер.

**Қорытынды.** Сонымен, «қасқыр»/«бөрі» ұғымы фольклорды, тарихи, мәдени, әдеби коннотацияларды тудырады. Екі тілде де қасқырдың – ашкөз, жыртқыш, қауіпті, мейірімсіз екіжүзді, айлакер деген коннотациялары бар. Талдау нәтижелеріне сүйене отырып, «қасқыр»/«бөрі» зоонимінің мәдени коннотациялары екі тілде де ішінара сәйкес келетіні анық болды. Сондай-ақ олардың арасында оң және теріс бояуы бар метафоралық мағыналар бар. «Қасқыр»/«бөрі» ұғымының ұлттық-мәдени коннотациясын салыстырмалы түрде зерттеу қазақ және түрік тілдерінде сөйлейтін халықтардың менталитетін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, қазақ және түрік тілдеріндегі қасқыр атауына байланысты мақал-мәтелдерді семантикалық тұрғыдан салыстыра отырып, олардың жақын ұқсастықтарын байқадық. Мұндай ұқсастықтардың болуы қазақ және түрік тілдерінің түбі бір туыстас тілдер екендігін дәлелдей түседі.

### Әдебиеттер

1. Мирза М. Қазақ-ұйғыр мақал-мәтелдерінің паремиологиялық жүйесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, Азбука, 2007. – 25 б.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Слоң, 2011. – 735 б.
3. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964. – 213 с.
4. Надршина Ф.А. Башкирские исторические предания и легенды. – Уфа: Китап, 2015. – 528 с.
5. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва: Наука, 1967. – 504 с.
6. Dr. Zafer Altun. Türk Kültüründe “Kurt Kavramı” Üzerine Bir İnceleme. 21. Yüzyılda Eğitim ve Toplum Education And Society In The 21st Century Cilt/Volume 8, Sayı / Issue 22, Spring / Bahar 2019/ Araştırma Makalesi / Research Article– 18 s.
7. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, Жазушы, 1971, - 212 б.
8. Әбсадықов А. Ұлт рухының көне бастауы // Ана тілі газеті. – 20 мамыр, 2010 ж.
9. Ахинжанов С. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы, 1999. – С. 279
10. Сүйінбай Аронұлы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2013. – 288 б.
11. Порхомовский М.В. Турецкие пословицы в языке и речи книга. – М.: 2014. – 176 с.
12. Итеғұлова С. Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесі: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, Білім, 2002. – 29 б.
13. Сансызбаева С.К. Узуальные коннотативные особенности казахско-русских зооморфизмов // Вестник КарГУ 2012. URL: <https://articlekz.com/article/6490>
14. Сманов І. Қасқырдың беймәлім құпиялары – Астана: Фолиант, 2014. – 296 б.
15. Ыбыраев Ш. – Қазақтың мақал-мәтелдері. – Алматы: Өлке, 2000. – 160 б.
16. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 1. Қазақтың халық прозасы. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 б.
17. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 65: Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2010. – 405 б.

18. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 66: Қазақ мақал-мәтелдері.–Астана: Фолиант, 2010.– 488 б.
19. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 67: Қазақ мақал-мәтелдері. –Астана: Фолиант, 2011.–462 б.
20. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 68: Қазақ мақал-мәтелдері. –Астана: Фолиант, 2011.– 400 б.
21. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 69: Қазақ мақал-мәтелдері. –Астана: Фолиант, 2011.– 438 б.
22. Ömer Asım Aksoy. Ata sözleri ve deyimler sözlüğü 2. İstanbul, İnkilab kitap evi, 1994. – 1205 s.
23. Metin Yurtbaşı. Sınıflandırmış Atasözleri sözlüğü. – İstanbul 2012. – 1095 s.

**М.А. ЕРМЕКБАЕВА**

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,  
Казахстан.

**СЕМАНТИКА ПОСЛОВИЦ, СВЯЗАННЫХ С ЗООНИМОМ «ВОЛК»  
(НА ОСНОВЕ КАЗАХСКОГО И ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКОВ)**

**Аннотация.** Сравнительный анализ зоонимов, прежде всего описание национальной языковой картины мира, представляет несомненный научный интерес. Сравнение любых языков служит основой для выявления в них трех основных качеств – общности, сходства и различия.

В статье анализируются пословицы и поговорки, в которых присутствует один из древнейших образов культуры казахского и турецкого народов – зоосимвола «волк». Пословицы являются разновидностью устной литературы с накопленным жизненным опытом народа. Они помогают лучше понять национальную идентичность, интересы, взгляды, образ жизни и традиции людей, создавших эти пословицы. Изучение этого вида фольклора дает более глубокое понимание особенностей и взаимосвязей разных культур.

Пословицы о животных составляют большой пласт в паремиологическом фонде разных народов и отличаются большим тематическим разнообразием. Основная задача всей структуры пословиц в целом состоит в том, чтобы показать мысли народа в полной, краткой и ясной форме. Пословицы о животных являются образцом архаичной краткости и образности.

Проведен анализ пословиц и поговорок на казахском и турецком языках с целью выявления общности и особенностей этнической и обрядовой принадлежности народов, связанного с образом волка. На основе пословиц о волках в казахском и турецком языках определяется этнокультурное содержание зоонима «волк», а сравнительный анализ характеризует полное

сохранение общей тюркской линии в мировоззрении двух народов. В статье анализируется контекстуальная семантика казахского зоонима «волк» и его турецких эквивалентов в пословицах. Цель исследования определить особенности языковой репрезентации концепта «волк» в казахском и турецком языках путем сравнительного анализа. В результате анализа были выявлены метафорические значения с положительной и отрицательной окраской. Рассмотрены смысловые сходства и различия пословиц, связанных с зоонимом «волк» в казахском и турецком языках.

**Ключевые слова:** пословицы и поговорки, казахские пословицы, турецкие пословицы, зооним «волк», зооним «бори», семантика.

**M.A.YERMEKBAYEVA**

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**SEMANTICS OF PROVERBS ASSOCIATED WITH THE ZOONYM «WOLF»  
(BASED ON THE KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES)**

**Annotation.** Comparative analysis of zoonyms, primarily the description of the national language picture of the world, is of undoubted scientific interest. After all, the comparison of any languages serves as the basis for identifying three main qualities such as commonness, similarity and difference.

The article analyzes one of the most ancient images of the Kazakh and Turkish culture - the zoosymbol "wolf" through proverbs. Proverbs are a kind of oral literature with the accumulated life experience of the people. They help to understand better the national identity, interests, attitudes, lifestyle and traditions of the people who created these proverbs. The study of this type of folklore gives a deeper understanding of the characteristics and relationship of different cultures. Proverbs about animals make up a large layer in the paremiological fund of different peoples and are distinguished by great thematic diversity. The main task of the entire structure of proverbs as a whole is to show the thoughts of the people in a complete, concise and clear form. Proverbs about animals are an example of archaic brevity and figurativeness.

On the basis of proverbs about wolves in the Kazakh and Turkish languages, the ethno-cultural content of the zoonym "wolf" is determined, and a comparative analysis characterizes the complete preservation of the common Turkic line in the worldview of the two peoples. The article analyzes the contextual semantics of the Kazakh zoonym "wolf" and its Turkish equivalents in proverbs. The purpose of the study is to determine the features of the linguistic representation of the concept "wolf" in the Kazakh and Turkish languages by means of a comparative analysis. As a result of the analysis, metaphorical meanings with positive and negative connotations were revealed. The semantic similarities and differences of proverbs

associated with the zoonym "wolf" in the Kazakh and Turkish languages are considered.

**Keywords:** proverbs and sayings, Kazakh proverbs, Turkish proverbs, zoonym «wolf», zoonym «bori», semantics.

### References

1. Mirza M. Qazaq-uıǵyr maqal-mátelderiniń paremiologialyq júesi: filologia ǵylymdarynyń kandidaty ǵylymı dárejesin alý úshin daıyndalǵan dısertasianyń avtoreferaty. – Almaty, 2007.
2. Qazaqtyń etnografialyq kategorıalar, uǵymdar men ataıylarynyń dástúrli júesi. Ensiklopedia. – Almaty: Slon, 2011. – 735 b.
3. Kláshtornıy S.G. Drevnetúrkskie rýnicheskie památnıkı kak istochnik po istorıi Srednei. – M.: Naýka, 1964. – 213 s.
4. Nadrshına F.A. Bashkırskie istoricheskie predanıa ı legendy. – Ýfa: Kitap, 2015. – 528 s.
5. Gýmılev L.N. Drevnie túrkı.– Moskva: Nauka, 1967. – 504 s.
6. Dr. Zafer Altun. Türk Kültüründe “Kurt Kavramı” Üzerine Bir İnceleme. 21. Yüzyılda Eǵitim ve Toplum Education And Society In The 21st Century Cilt/Volume 8, Sayı / Issue 22, Spring / Bahar 2019/ Araştırma Makalesi / Research Article– 18 s.
7. Januzaqov T. Qazaq esimderiniń tarihy. – Almaty, 1971. –212 b.
8. Ábsadyqov A.Ult rýhynyń kóne bastaıy // Ana tili gazetı. – 20 mamyr, 2010 j.
9. Ahınjanov S. Kypchakı v istorıi srednevekovogo Kazahstana. Almaty, 1999, – s. 279
10. Súinbaı Aronuly. – Almaty: Halyqaralyq Abai klýby, 2013. – 288 b.
11. Porhomovski M.V. Týreskie poslovisy v iazyke ı rechı knıga.– M., 2014. – C. 176
12. Iteǵulova S. Qazaq fólkloryndaǵy qasqyr beinesi: filologia ǵylymdarynyń kandidaty ǵylymı dárejesin alý úshin daıyndalǵan dısertasianyń avtoreferaty. – Almaty, 2002. – 29 b.
13. Sansyzbaeva S.K. Ýzýalnye konnotativnye osobennosti kazahsko-rýsskih zoomorfızmov// Vestnik KarGÝ. –2012. URL: <https://articlekz.com/article/6490>
14. Smanov İ. Qasqyrdyń beımálim qurıalary. – Astana: Foliant, 2014. – 296 b.
15. Ybyraev Sh. – Qazaqtyń maqal-mátelderi. –Almaty: Ólke, 2000. – 160 b.
16. Qasqabasov S. Tańdamaly. T.1.Qazaqtyń halyq prozasy. – Astana: Foliant, 2014. – 320 b.
17. Babalar sózi: júztomdyq. T. 65: Qazaq maqal-mátelderi. – Astana: Foliant, 2010. – 405 b.
18. Babalar sózi: júz tomdyq. T. 66: Qazaq maqal-mátelderi. –Astana: Foliant, 2010. – 488 b.
19. Babalar sózi: júz tomdyq. T. 67: Qazaq maqal-mátelderi. –Astana: Foliant, 2010. – 462 b.

20. Babalar sózi: júz tomdyq. T. 68: Qazaq maqal-mátelderi. –Astana: Foliant, 2010. – 400 b.
21. Babalar sózi: júz tomdyq. T. 68: Qazaq maqal-mátelderi. –Astana: Foliant, 2010. –438 b.
22. Omer Asım Aksoy. Ata sózleri ve deyimler sózluđı 2. Istanbul, İnkilab kitap evi, 1994. – 1205 s.
23. Metin Yurtbaşı. Sınıflandırmış Atasözleri sózluđı. – Istanbul 2012. – 1095 s.

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Ермекбаева Майра Аманбекқызы** – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

**Ермекбаева Майра Аманбековна** – докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Yermekbayeva Maira Amanbekovna** – Doctoral student of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.